

Ақпараттық хабар

Риддер қаласының әкімдігі шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер учаскелерін жалға беру бойынша қайталап конкурс өткізеді.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу он жұмыс күн ішінде 2025 жылғы 17 шілдеден бастап 2025 жылғы 30 шілдеге дейін ШҚО, Риддер қаласы, Семипалатинская көшесі, 12 "Риддер қаласының жер қатынастары және ауыл шаруашылығы бөлімі" ММ, 1 кабинеті мекенжайы бойынша жүзеге асырылады, телефоны 8 (72336) 4-27-55.

Конкурстық өтінімдері бар конверттер 2025 жылғы 31 шілде күні сағат 10.00-де ШҚО, Риддер қаласы, Семенова көшесі, 19, мекенжайы бойынша ("Риддер қаласы әкімінің аппараты" ММ ғимаратында) ашылатын болады.

Жеке және заңды тұлға болып табыла-

тын қатысушы конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;

2) конкурстық ұсыныс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын беру жөніндегі конкурсқа шығарылатын, жер телімдерінің тізбесі

Тоқсандық есебі, жер телімінің орналасқан жері - ШҚО, Риддер қаласы, Луговатка шатқалы.

Жер телімі беріледі - Шаруа және фермер қожалығын жүргізу үшін.

Ауыл шаруашылығы мамандануы – Мал шаруашылығы.

Жалпы көлемі - 23,4023 га. Оның ішінде: Бекітілген көлемі - 22,7255 га, бөгде жер пайдаланушылар - 0,6768 га.

Алқаптардың құрамы, оның ішінде: жайылымдық - 5,6303 га, шабындық - 17,0952 га, өзге де жерлер -0,6768 га.

Жалға алу мерзімі - 15 жыл.

Информационное сообщение

Акимат города Риддера проводит повторный конкурс по предоставлению земельных участков в аренду для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Прием и регистрация заявок на участие в конкурсе осуществляется в течение десяти рабочих дней с 17 июля 2025 года по 30 июля 2025 года по адресу: ВКО, город Риддер, улица Семипалатинская, 12, ГУ "Отдел земельных отношений и сельского хозяйства города Риддера", кабинет № 1, телефон 8 (72336) 4-39-12.

Вскрытие конвертов с конкурсными заявками и подведение итогов состоится 31 июля 2025 года в 10.00 по адресу: ВКО, город Риддер, улица Семеновой, 19 (здание ГУ "Аппарат акима города Риддера").

Участник, являющийся физическим и юридическим лицом, для участия в конкурсе представляет следующие документы:

1) заявка на участие в конкурсе;

2) конкурсное предложение.

Перечень земельных участков сельскохозяйственного назначения, выставляемых на конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства

Учетный квартал, местоположение земельного участка - ВКО, город Риддер, урочище Луговатка.

Земельный участок предоставляется - для ведения крестьянского и фермерского хозяйства.

Сельскохозяйственная специализация – животноводство.

Общая площадь - 23,4023 га, из них: закрепляемая площадь - 22,7255 га, посторонние землепользователи - 0,6768 га.

Состав угодий, из них: пастбища - 5,6303 га, сенокос - 17,0952 га, прочие земли - 0,6768 га.

Срок аренды - 15 лет.

Хабарландыру

“Шығыс Жылу” АҚ-ның Риддер қаласындағы филиалы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, 2025 жылғы 7 тамыз күні сағат 12:00-де Шығыс Қазақстан облысы, Риддер қаласы, Бухмейер көшесі, 9 мекенжайы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды. Қоғамдық тыңдау келесі жобалар бойынша өтеді:

“Рұқсат етілетін шығарындылардың нормативтері жобасы. Қапдықтарды басқару бағдарламасы. Экологиялық бақылау бағдарламасы. “Шығыс Жылу” АҚ Риддер қаласындағы филиалына арналған табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары”.

Жобалық құжаттама пакетімен Ұлттық экология деректер банкі порталында танысуға болады <https://ndbecology.gov.kz/>

Барлық ескертулер мен/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейінгі 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей келесі мекенжайлар бойынша қабылданады:

Ұлттық экологиялық деректер банкі пор-

талы арқылы, сондай-ақ келесі электрондық пошта мекенжайы g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz қабылданады.

Егер төтенше жағдай және (немесе) шектеу шаралары, соның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Белсенді сілтеме Ұлттық экология деректер банкі порталында және жергілікті атқарушы органның сайтында қолжетімді болады:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat/press/article/1?direction=3727&lang=kk>

Қосымша ақпарат алу үшін келесі электрондық мекенжайға немесе телефон нөміріне хабарласуға болады centrecoproekt@mail.ru 8 (7232) 76-82-76

Материалдарды әзірлеуші: “ЦентрЭКОпроект” ЖШС

БСН: 090440015246; Қазақстан Республикасы, ШҚО, Өскемен қ., Потанин көшесі, 12

Қоғамдық тыңдауға қатысу үшін жеке куәлігіңізді ала келуіңізді сұраймыз.

Объявление

Филиал АО "Шығыс Жылу" в городе Риддере, в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 12:00 7.08.2025 по адресу: Восточно-Казахстанская область, город Риддер, улица Бухмейера, 9, состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту "Проект нормативов допустимых выбросов. Программа управления отходами. Программа экологического контроля. План природоохранных мероприятий для филиала АО "Шығыс Жылу" в городе Риддере".

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на едином экологическом портале Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов <https://ndbecology.gov.kz/>

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на едином экологическом портале Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов, а также на эл. адрес: g.zhunisbekova@akimvko.gov.kz. В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на едином экологическом портале и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat/press/article/1?direction=3727&lang=ru>

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу: centrecoproekt@mail.ru, и по телефону 8 (7232) 76-82-76.

Разработчик материалов: ТОО "ЦентрЭКОпроект", БИН 090440015246, РК, ВКО, г. Усть-Каменогорск, ул. Потанина, 12.

Для регистрации участия в общественных слушаниях при себе иметь удостоверение личности.

Темір тапшылығы анемиясы

Темір тапшылығы анемия - анемияның ең көп таралған түрі, организмде темірдің сіңуінің бұзылуымен сипатталады. Өздеріңіз білетіндей, темір гемоглобиннің пайда болуына ықпал етеді – өкпеден ағзалар мен тіндерге оттегін тасымалдауға мүмкіндік беретін зат. Қазіргі таңда бұл анемия түрі жиі кездесетін анемия түрі болып саналады.

Темір тапшылық анемиясы (ТТА) Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) өзекті мәселелерінің бірі ретінде қабылданған. Жер шарының 3,6 млрд тұрғынында жасырын темір тапшылығы және 1,8 млрд тұрғынында ТТА анықталады екен. Соңғы онжылдықта темір тапшылы күйлердің (ТТК) мәселесі Қазақстан Республикасы мен Орталық Азия елдерінде де өте өзекті. Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан Республикаларында жүргізілген медициналық демографиялық зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, құрсақ көтеретін жастағы әйелдер арасында анемияның таралуы 35,5 %, 38,2 % және 60,4 % сәйкес.

Анемияның себептері: антенаталды себептер: жатыр – плацентарлы қан айналымының бұзылуы, фето-фетальді трансфузия синдромы (жатырда егіз болса), жатыр ішілік мелена, шала туу, жүкті әйелде ұзақ уақыт бойы темір жетіспеушілігі. туылу кезінде болатын себептер: фето-плацентарлы трансфузия, кіндікті дұрыс байламау, қан кету, плацента немесе кіндік тамырларының дамуындағы ауытқулар.

постнатальді себептер: тағаммен жеткілікті деңгейде берілмеу, омырау ембеу, бір жасқа келіп қалған (екінші жарты жыл) нәрестелерде темір жетіспеушілігі қосымша тамақты (көкөністен және еттен жасалған езбе) кеш беруден, сондай-ақ сүтті тағамдарды (сыыр сүтін, айран, Крепыш, Биолакт, Тоқтамис, биойогурттарды) ерте бере бастаудан және оларды көп мөлшерде (150-180 гр-нан астам және күніне бір реттен артық) қолданудан, дәруменге тапшы, құрамы біркелкі тамақ рационы, 3 жасқа дейін шай беруден пайда болады, бойдың қарқынды өсуі кезінде темірді көп қажет ету, қан кету, мальабсорбция мен темірдің ағзаға сіңірілуінің бұзылысы, ішектің созылмалы аурулары, асқазан-ішек жолында қан кету, ішек құрты инвазиялары болғанда да туындайды.

Темір тапшылығы анемиясына балалар жиі ұшырайды. Балаларда темір тапшылығының салдарынан алғашқы жылдардан-ақ Bayley шкаласы бойынша темір тапшылығы анемия белгілері жоқ қатарластарымен салыстырғанда психомоторлық даму индексі әлдеқайда төмен екені анықталады. Сондай-ақ, сөйлеуі кешеуілдеп, дене қимылының белсенділігі төмен болады.

Темір тапшылық анемиясына тән белгілер: баланың бет – жүзінің және шырышты, сілемейлі қабаттарының бозғылт болуы. Анемия бар балаларда жалпы дене әлсіздігі, жылауықтық, ағзаның күш-қуатының тез төмендеуі, тершендік, төбетінің төмендеуі, бұлшықет жүйесінен де өзгерістер байқалады: бала отыру, еңбектеу, жүруді кеш бастайды, терінің құрғауы, жарылуы, стоматиттің жиі пайда болуы, шаштың сынғыштығы, түсуі байқалады, тырнақтардың сынғыштығы, тістің бұзылуы, кариес пайда болуы, психомоторлық және дене дамуында кеш қалу пайда болады. Аурудың күрделілігі деңгейіне қарай ағза мүшелері мен жүйелерінің бұзылуы байқалады: жүрек-тамыр жүйесінде – жүректе шу, тахикардия пайда болады, нерв жүйесінде – бас аурады және бас айналады, талып қалу, ортостатикалық коллапс туындайды. Бауыр мен көкбауыр үлкейуі мүмкін. Асқазан-ішек жолы тарапынан жұта алмау, іш кебу, іш өту, іш қату, дәмнің

бұзылуы – баланың саз, топырақ жеуді қалауы байқалады.

Асқынулары: баладағы психикалық және физикалық кемістіктер, жүктіліктің асқынулары және босану асқынулары нәтижесінде, ана мен нәрестенің қайтыс болуы, жұмысқа қабілеттілігінің, төзімділіктің төмендеуі, иммунитеттің төмендеуі, жиі ауыру, инфекцияларға бейімділік, созылмалы аурулардың өршуі

Алдын-алу шаралары:

Екінше орай анемия белгілері бастапқы сатыда көріністері білінбеуі мүмкін, сол себепті асқынуларын алдын алу үшін дәрігерге уақытылы тексеріліп, қан талдауларын жүргізген абзал. Темір тапшылығы анемиясы профилактикалық текеру кезінде жиі анықталады. Яғни тексеруді 1 жасқа дейін ай сайын, 2 жасқа дейін тоқсан сайын, 3 жасқа дейін жарты жыл сайын тексеріліп отыру қажет.

Ең бріншіден бала денсаулығы мықты болсын десеңіз құрметті ата-аналар ең алдымен отбасыны жоспарлаудан бастаған жөн, құрсақ көтеруге алдын ала дайындалып, ағзаңызды тексеруден өтіп, қан талдамаларын жасау. Егер өзіңізде темір тапшылық анемиясы анықталған жағдайды алдын-ала дәрігер тағайындауы бойынша емдік іс-шараларды жүзеге асыру. Ал бала өмірінің

алғашқы айларында анемия алдын алудың ең маңызды табиғи әдістерінің бірі баланы 6 айына дейін тек омыраумен емізу болып табылады. Тамақтанғанда темірі мол қоспалар, тағамдар қолданған жөн.Баланың 6 айынан бастап қосымша тамақ беріп бастағанда әр берілген тағамға мұқият назар берген жөн: 7 айлық жастан сәбиге күн сайын еттен жасалған езбе беріп, одан кейін біртіндеп бауыр, тауық пен балық етін қосу керек; кейін біртіндеп баланың тамақтану рационына жаңғақ, жаңа піскен көкөніс пен жеміс-жидек (жергілікті жердің), аллергия болмаған жағдайда қолдан жасалған компот пен морс, жеміс шырындарын қосу абзал; балаға қосымша тағамдар беріп бастағанда бірден тәтті тағамдар бермеген абзал,сәбиге айран мен ашытылған сүт тағамдарын кем дегенде 8 айдан бастап және күніне бір рет қана (түскі кезде) беру қажет. 3 жасқа дейінгі балаларға шай беруге болмайды, ішек құрты инвазиясын алдын алу қажет, жеке-гигиена сақтау және де са-лауатты өмір салты.

КГП на ПХВ
"Риддер қалалық ауруханасы"
ВОП: Қазбаева С.Д.

УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ! ПОДАТЬ ОБЪЯВЛЕНИЕ, НЕ ВЫХОДЯ ИЗ ДОМА, ВЫ МОЖЕТЕ ЧЕРЕЗ СЛУЖБУ АО "КАЗАХТЕЛЕКОМ"

1691